

## Өмірбаяны

Қасымжанова Жанат Кәкімсітқызы, 03.12.1957 жылы Талдықорған облысы, Үш Арал п. дүниеге келген. 1981 жылы С.Д.Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медициналық институтын «емдеу ісі» мамандығы бойынша тәмамдаған. 1984 жылы клиникалық ординатураны «Ішкі аурулар» мамандығы бойынша бітірген. 2012 жылы Қазақ инженерлік, қаржы-экономикалық академиясында «Экономика және бизнес бакалавры» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алған.

1983 жылдан бастап 1991 ж. дейін - КСРО МҒА Тағамдану академиясының ғылыми қызметкері. 1990 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған. 1991 жылдан бастап 1994 жылға дейін – АММИ терапия факультеті кафедрасының ассистенті. 1994 жылдан бастап 1996 жылға дейін «ішкі аурулар» мамандығы бойынша АММИ докторантурасы. 1996 жылдан бастап 1998 жыл аралығында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың республикалық госпиталінің терапевтік бөлімшесінің меңгерушісі, 1998 жылдан бастап 2001 жылға дейін - № 5 ҚКА бас дәрігерінің орынбасары. 2001 жылдан бастап 2006 жылға дейін - ЖМЖА бас дәрігерінің орынбасары. 2006 жылдан бастап 2012 жылға дейін - № 5 ҚКА бас дәрігері, қаладағы Медеу аудандық медициналық бірлестігінің бас дәрігері, 01.2012 жылдан бастап 12.2012 жылға дейін Алматы қаласы мәслихатының депутаты. 12.2012 жылдан бастап 01.2016 жылға дейін - Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы. 02.2017 жылдан бастап 08.2021 жылға дейін - Қазақстан-Ресей Медициналық Университетінің бастапқы медико-санитарлық көмекті дамыту орталығының ғылыми жетекшісі.

08.2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Инновациялық технологиялар және зерттеулер ғылыми орталығы» ЖШС бас ғылыми консультанты.

01.2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссияның мүшесі.

04.2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Nur Otan» Алматы қалалық филиалына қарасты аймақтық қоғамдық кеңесінің денсаулық сақтау мәселелері бойынша төрағасының орынбасары.

01.2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Азаматтық күштер Альянсының мүшесі.

09.12.2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Алматы қаласы әкімдігіне қарасты Қоғамдық кеңесінің мүшесі.

Мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарды иеленген:

- «Құрмет» ордені
- «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі»,
- «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісіне қосқан үлес үшін»,
- Ресей Федерациясының «За заслуги в здравоохранении» медалі,

- «Гиппократ» ордені,
- Ұлттық медициналық Ассоциясының атынан «Алтын дәрігер» атағы,
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаевтың алғыс хаттары.
- Алматы қаласы әкімдігінің, Денсаулық сақтау басқармасының мақтау қағаздары.